

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университеті

# Эктопротезер

Орындаған: Кидирова Д.А

Факультет : стоматология

Курс : 5

Топ : СТК-504

Тексерген :Сиздиқов М.М

# Жоспар

- Кіріспе
- Мұрын протезі
- Құлақ қалқаны протезі
- Орбита протезі
- Қолданылған әдебиеттер

- Бет ақаулары протездеу және пластикалық операция көмегімен қалпына келтіріледі. Протездеу науқастың сыртқы бет-әлпетін , сөйлеуін қалыптастыруға, тағамның шығып кетуі мен сілекей бөлінуін болдырмауға, психологиялық бұзылулардың алдын алуға бағытталған.

- Бет ақаулары оқтық жарақаттау (огнестрельные ранения), механикалық зақымданулар және ісіктерді алу себебінен пайда болады. Спецификалық созылмалы аурулар(мерез, туберкулезді жегі) мұрын мен ерін ақауларына әкеледі.
- Бет протездерін жұмсақ және қатты пластмассадан , олардың комбинациясынан дайындайды. Эстетикалық әсер алу үшін протез түсі бет терісінің түсіне сәйкес болуы керек.

- Бет ақауларын протездеуді маска алудан бастайды. Науқасты горизонтальді жағдайда жатқызамыз, ақауды дәкелі салфетка көмегімен жабамыз, мұрын қуысына резиналы трубкалар қойлады. Беттің түкті бөліктеріне вазелин жағылады. Бетті қалыңдығы 1см болатын гипспен жабады. Сұйық гипсті ең алдымен маңдайға, көзге, мұрынға жағады, содан кейін ғана ұрт пен иекке жағады. Науқасқа бұл процедураның қауіпсіз және тыныш жатуын ескерту керек. Гипс қатқаннан соң беттен қалып алдыға және төмен алынады(мұрын арқасында гематоманы болдырмас үшін).
- Гипсті қалыпты сабынды ерітіндіге 15-20 минутқа салады.

- Жұмсақ пластмассаларды (ортопласт) түстері бойынша таңдалатын арнайы бояғыштармен бояйды.
- Қатты пластмассададан жасалатын бет протезін 2 әдіспен бояйды:
  - 1) протезді майлы бояғыштармен бояу жақсы нәтиже береді
  - 2) полимерге бояғыштарды (ультрамин, крон свинцовый, кадми красный) қосу арқылы бояу. Бояғыштарды ұнтақпен әр түрлі пропорцияда араластырып, мономер қосып керек түс алынады.

- Эктопротезді көзілдірік, табиғи және жасанды қуыстарға енгізілетін арнайы бекіткіштер, бет терісіне жабыстыру немесе жақ протездерімен біріктіру арқылы бекітіледі.
- Ең жақсы бекіту түрі- көзілдірік көмегімен.

# Мұрынды қалпына келтіруші операция кезіндегі ортопедиялық іс-шаралар

- Мұрынның жартылай немесе толық ақауында пластикалық операция қалыптастырушы таңғыш (формирующая повязка) салумен аяқталады. Йодоформға малынған дәкемен оралған резинкалы трубкалар мұрын жолдарына қойылады. Ал бүйір қырларына екі жақтан да тығыз, марліден жасалған валиктер қойылып, бұлардың бәрі толығымен лейкопластырмен жабыстырылады.

- Бұл жағдайды мұрын қуысын, тынысалу жолын (воздухоносный), сонымен қатар мұрынның сыртқы жиегін қалыптастыруға көмектесетін ортопедиялық аппараттар көмегімен шешуге болады. Мұндай қалыптастыршы аппараттар қатарына Шура аппаратын жатқызуға болады. Ол жоғарғы жақ тістеріне бекінетін дәнекерленген сауытты шеңдеуіштен , ауызсыртылық стержені бар алынбалы доғадан қалыптастырушы құрылымнан тұрады.

- Қалыптастырушы құрылым пластмассалы пирамида түріндегі ақауға қарай орналасатын қаңқадан, екі бөліктен тұратын сымдармен байланысқан пелоттан тұрады.
- Қаңқа мұрынның ішкі бөлігін қалыптастыру үшін , ал пелоттар сыртқы жиегін қалыптастыруға көмектеседі.

# Мұрын протезі

- Сирек жағдайда мұрынды хирургиялық жолмен қалпына келтіруге мүмкіндік болмаған жағдайда немесе кейінге қалдырылған операция алдында протездеу әдісі қолданылады.
- Ол келесі сатылардан тұрады:
- Мүсіндеу;
- Материал таңдау;
- Лабораториялық дайындау кезеңі;
- Мұрын ақауын шектейтін тіндерге қатынасты протезді шақтау


- Жасанды мұрынды мүсіндеу лайдан (глина) немесе балауыздан жасалған бет маскасында жүргізіледі. Жоғарғы дәлдікте бет маскасын(мүсінді) дайындау үшін қалыпты эластикалық массададан алу қажет. Оны науқастың бетіне сыртынан ғанышпен бекіту (укрепить) қажет.
- Сонымен қатар дәрігерге көмек ретінде науқастың мұрын ақауына дейінгі суреті болған жөн.

- Конструкциялы материалдар ретінде эластикалық және қатты пластмассалар қолданылады. Олардың артықшылығы:
- Жарық өткізеді;
- Керекті пішін мен түсті оңай алуға болады.

- Мұрын протезін бекітуде ақаудың өзінің ретенциялық жағдайы және механикалық: көзілдірікті оправа, серіппелі (пружина), байланыстырушы құрылғылар көмегімен жүзеге асады.
- **Химилық бекіту.** Эктопротездерді қосымша бекіту ретінде ақау көлемі кіші болса (мұрын қанатының немесе ұшының ақауы кезінде) басқа әдістер қолдануға келмейтін жағдайларда арнайы адгезивтер мен театральды клейлер қолданылады
- **Физикалық бекіту.** Магнитті импланттар көмегімен эктопротездің бекітілуін жақсартады.




- Протездің ішкі бөлігінде хирургиялық жолмен қалыптасқан немесе өзіндегі ретенциялық тереңдіктерге (ойыстар) байланысты көлденең және ұзынан эластикалық өсінділері болады. Жасанды мұрынның түбінде көзілдірікпен байланыстыратын бекітуші құрылғысы болады.
- Егер мұрын ақауы жоғарғы жақ немесе таңдаймен байланысса жасанды мұрынды жақ протезіне бекітеді. Бұл жағдайда екі протездің де қызмет барысында тұрақтылығы жоғарылайды.




- Протезді шақтау барысында бетке жанасатын шекараларына мән беру қажет. Ол бет терісімен тығыз жанасып жатуы тиіс және протездің бет терісіне өтетін шекаралары мейлінше аз білінуі тиіс. Сонымен қатар протез бұлшықеттер жиырылу барысында тұрақты болуы керек.

# Орбита ақауларын протездеу

- Көз алмасының бұзылулары мен хирургиялық жолмен алынып тасталған кезде оны жасанды көзбен алмастырады. Көзді протездеу офтальмологиялық көмекпен бірге жасалынады. Егер зақымдану орбита аймағы мен жоғарғы жақты қамтып жатса стоматолог-ортопедтің көмегі қажет болады. Протезді қосымша бекіту үшін көзілдірік қолданылады.
- Аралас ақаулар кезінде протез құрылысы күрделі болып келеді, себебі ол бір мезетте жоғалған тістер, альвеолярлы өсінді, жақ денесін, таңдай, орбита және көзді қалыптастыруы керек. Осыған сәйкес протезде тістік, жақтық, беттік, көздік бөліктері болады.
- Мұндай күрделі көпфункциональді протез құрамалы болып келеді. Протездің көздік бөлігі жақ-беттік бөлігімен шарнир көмегімен байланыстырылады.






- Орбита ақаулары кезінде беттен маска алынып, сау жағына қарай отырып балауыздық протез мүсінделеді. Протездің ішкі бетіне алдын ала таңдалған көз протезі орналастырылады, содан соң оны алып тастайды. Ол пластмассада жақсы ұсталуы үшін оны жалпақ, жиектерін тегіс емес етіп жасайды. Мүсінделген протезді науқасқа шақтап көреді, кюветаға ғаныштайды. Балауызды пластмассаға ауыстырады, жылтыратады және өздігінен қатаятын пластмасса көмегімен көздік протезді бекітеді. Орбита протезін көзілдірікпен байланыстырып, қас және кірпік жабыстырылады.



[www.mrcophth.com](http://www.mrcophth.com)

# Құлақ қалқанының протезі

- Әдетте, құлақтың туа және жүре пайда болған ақаулары хирургиялық әдіспен жойылады. Құлақ қалқанын протездеу мүмкіндігі бар.
- Жасанды құлақ эластикалық пластмассадан жасалады. Сау құлақпен салыстыра отырып мүсіндейді. Пружина және сыртқы есту жолының ретенционды қасиеттерінің көмегімен бекітеді.



# Қолданылған әдебиеттер

- Копейкин «ортопедическая стоматология» 1998г:
- Аболмасов Н.Г. «ортопедическая стоматология» 2003г.
- В.Н. Трезубов «ортодонтия» 2001г;
- “google.ru” интернет желісі